



«ҚАЗГИДРОМЕТ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
КӘСПОРЫН

**ҚАЗАҚСТАН  
АУМАҒЫНДАҒЫ  
КЛИМАТТЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ  
ТУРАЛЫ  
ШОЛУ**

**2024**

АСТАНА, 2025



## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                   |    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| КІРІСПЕ .....                                                                                                     | 5  |
| 1. 2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ КЛИМАТТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРУІНІҢ ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕСІ.....                    | 7  |
| <i>Ауа температурасының маусымдық режимі.....</i>                                                                 | 10 |
| <i>Жауын-шашынның маусымдық режимі .....</i>                                                                      | 13 |
| 2. 2023–2024 жж. ҚЫСТА ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....                                           | 17 |
| <i>Күзгі-қысқы қалыптасу режимі.....</i>                                                                          | 17 |
| <i>Көктемгі қардың бұзылу және еру режимі.....</i>                                                                | 18 |
| <i>Қар жамылғысының жату ұзақтығы.....</i>                                                                        | 20 |
| <i>Қар жамылғысының биіктігі мен су қоры.....</i>                                                                 | 20 |
| <i>Ірі өзендер және су қоймаларындағы қардың су қоры.....</i>                                                     | 22 |
| <i>Қар жамылғысының сипаттамаларының көпжылдық өзгерістері.....</i>                                               | 24 |
| 3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ СУ АЙДЫНДАРЫ.....                                                                             | 29 |
| <i>Каспий теңізінің су бетінің жай-күйіне шолу .....</i>                                                          | 29 |
| <i>Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы деңгейдің қауіпті желшегерме-<br/>желектерме тербелістері .....</i> | 29 |
| <i>Каспий теңізіндегі мұз жағдайы .....</i>                                                                       | 30 |
| <i>Балқаш көлінің су бетінің жай-күйіне шолу .....</i>                                                            | 31 |
| <i>Балқаш көлінің су балансы .....</i>                                                                            | 33 |
| 4. АГРОКЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.....                                                                                   | 35 |
| <i>Суық кезеңнің агроклиматтық жағдайлары .....</i>                                                               | 35 |
| <i>Ауыл шаруашылығы дақылдарының жылумен қамтамасыздығы .....</i>                                                 | 35 |
| <i>Ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғалмен қамтамасыздығы .....</i>                                                | 39 |
| <i>Өнімді ылғал қоры.....</i>                                                                                     | 40 |
| 5. КЛИМАТТЫҚ ЭКСТРЕМУМДАР .....                                                                                   | 42 |
| <i>Мерзімдік температура мен жауын-шашынның экстремумдары.....</i>                                                | 42 |
| <i>Қолайсыз және төтенше ауа райы жағдайлары .....</i>                                                            | 47 |
| <i>2024 жылғы қауіпті гидрологиялық құбылыстар.....</i>                                                           | 53 |
| <i>Селдер.....</i>                                                                                                | 53 |
| <i>2024 жылы қауіпті агрометеорологиялық құбылыстар .....</i>                                                     | 54 |
| ҚОСЫМША.....                                                                                                      | 56 |

Осы шолуды «Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының, Гидрометорталықтың, Гидрология департаментінің, Агрометеорологиялық мониторинг және болжау департаментінің ұжымы дайындады


|                                                                                                              |                                                                           |                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ғылыми-зерттеу орталығының<br>Климаттық зерттеулер<br>басқармасы                                             | кіріспе, 1-тарау, 4-тарау                                                 | Н. У. Кужагельдина,<br>Г. С. Актаева,<br>Н. С. Абдолла,<br>Е. Е. Аманулла<br>Б.Т. Жездибаева |
| Метеорологиялық зерттеулер<br>және есептеулер басқармасы                                                     | 2-тарау                                                                   |                                                                                              |
| Ғылыми-зерттеу орталығының<br>Каспий теңізінің<br>гидрометеорологиялық<br>зерттеулер басқармасы              | 3-тарау                                                                   | А.Г. Елтай,<br>А.Қ. Құрманғалиева                                                            |
| Гидрология департаменті<br>мемлекеттік су кадастры және<br>гидрологиялық зерттеулер<br>басқармасы            | Балқаш көлінің су бетінің<br>жай-күйіне шолу<br>Балқаш көлінің су балансы | Р.К. Ащанова<br>М.Ж. Джалгасбаева                                                            |
| Агрометеорологиялық<br>мониторинг және болжау<br>департаментінің<br>агрометеорологиялық болжау<br>басқармасы | 3-тарау, 4-тарау<br>агрометеорологиялық<br>жағдайлар                      | Н. Лоечко,<br>К.С.Салиева                                                                    |
| Гидрометорталық                                                                                              | 4-тарау                                                                   |                                                                                              |
| Қысқа мерзімді ауа райы<br>болжамдары басқармасы                                                             | қолайсыз және төтенше ауа<br>райы жағдайлары                              | Л.К Азилкысова<br>А.Б Смагулова                                                              |
| Гидрология департаментінің<br>гидрологиялық болжамдар<br>басқармасы                                          | қауіпті гидрологиялық<br>құбылыстар                                       | Д. Кизатова                                                                                  |
| Ғылыми-зерттеу орталығының<br>сел үдірістерін зерттеу және<br>селдерді болжау басқармасы                     | сел                                                                       | Р.К. Яфязова                                                                                 |

Шолу «Қазгидромет» РМК мемлекеттік бақылау желісінің деректері арқылы жасалды

## КІРІСПЕ

Шолуда 2024 жылғы (қаңтар-желтоқсан) климаттың жай-күйі және Қазақстан Республикасы мен оның әкімшілік-аумақтық облыстарының аумағындағы климаттың өзгеруі туралы қысқаша ақпарат берілген. Ауа температурасы мен жауын – шашынның климаттық ауытқулары, агроклиматтық жағдайлар, жерді қашықтықтан зондтау деректері бойынша қар жамылғысының жай-күйі, Қазақстанның ірі су айдындары – Каспий теңізі мен Балқаш көлінің су бетінің жай-күйі, экстремалды ауа райы және климаттық құбылыстар туралы деректер ұсынылған.

Шолуда келтірілген барлық бағалар «Қазгидромет» РМК мемлекеттік бақылау желісінің станциялары мен бекеттеріндегі гидрометеорологиялық бақылаулардың деректерін пайдалана отырып алынды. Климаттық өзгерістерге шолу жасау үшін «Қазгидромет» РМК Республикалық гидрометеорологиялық қорының 121 метеорологиялық станциясының деректері (1941 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі жер бетіндегі ауа температурасы мен атмосфералық жауын-шашынның уақыт қатарлары, сондай-ақ 2024 жылғы қолайсыз ауа райы жағдайлары туралы деректер) пайдаланылды. Уақыт қатарлар қаралатын шамалардың жалпы Қазақстан аумағы бойынша және оның 17 әкімшілік-аумақтық облыстары бойынша орташаланған жылдық және маусымдық орташа ауытқулары үшін келтіріледі. Қазақстан облыстарының шекаралары төмендегі карта-схемада көрсетілген.



- |                            |                         |
|----------------------------|-------------------------|
| 1 Батыс Қазақстан обл.     | 10 Павлодар обл.        |
| 2 Атырау обл.              | 11 Абай обл.            |
| 3 Манғыстау обл.           | 12 Шығыс Қазақстан обл. |
| 4 Ақтөбе обл.              | 13 Алматы обл.          |
| 5 Қостанай обл.            | 14 Жетісу обл.          |
| 6 Солтүстік Қазақстан обл. | 15 Жамбыл обл.          |
| 7 Ақмола обл.              | 16 Түркістан обл.       |
| 8 Ұлытау обл.              | 17 Кызылординская обл.  |
| 9 Қарағанды обл.           |                         |

Айнымалылардың климаттық нормалары ДМҰ ұсыныстарына сәйкес 1991–2020 жылдар аралығындағы орташа көпжылдық ретінде есептелді. Аномалиялар бақыланатын мәннің нормадан ауытқуы ретінде анықталды; жауын-шашынның ауытқулары норманың үлесінде (пайызында) қарастырылды. Аномалиялардың қосымша сипаттамалары ретінде үлестіру функциясына негізделген көрсеткіштер қолданылады (бақылаулар қатарындағы аномалияның тиісті мәнінің пайда болу жиілігін (%-бен) сипаттайтын асып кетпеу ықтималдығы) реттік статистика (ранг, яғни. деректер жиынындағы басқа сандарға қатысты мәндердің реттелген қатарындағы реттік сандар), осы статистиканы бағалау кезеңдері әр жағдайда арнайы келісіледі. 1976–2024 жылдар кезеңіндегі климат сипаттамаларындағы өзгерістерді бағалау ретінде ең кіші квадраттар әдісімен анықталған сызықтық трендтер коэффициенттері және трендтің маңыздылық өлшемі – тренд компонентінің қарастырылып отырған уақыт кезеңіндегі климаттық айнымалының толық дисперсиясына қосқан үлесін сипаттайтын анықтау коэффициенті (%-бен) қолданылады.

Қазақстан климаты мониторингінің толық деректері «Қазгидромет» РМК сайтындағы бюллетеньдерде ұсынылған: <https://www.kazhydromet.kz/ru/klimat/ezhegodnyy-byulleten-monitoringa-sostoyaniya-i-izmeneniya-klimata-kazahstana>. Қосымша ақпарат «Қазгидромет» РМК веб-сайтында түрлі бюллетеньдерде орналастырылады: агрометеорологиялық жағдайлар туралы <https://www.kazhydromet.kz/ru/agrometeorology/kratkiy-obzor-agrometeorologicheskikh-usloviy>, Каспий теңізінің су бетінің жай-күйі туралы <https://www.kazhydromet.kz/ru/kaspiyskoe-more/kaspiyskoe-more>.

## 1. 2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ КЛИМАТТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРУІНІҢ ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕСІ

Сіздердің назарларыңызға 2024 жылы Қазақстан аумағында климаттың жай-күйін бағалаудың қысқаша анонсын ұсынамыз. Жыл бойы қандай климаттық жағдайлар болғандығы және Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде климаттың қалай өзгеретіні туралы толығырақ ақпарат «Қазақстан Республикасы климатының жай-күйі және өзгеруі мониторингінің жыл сайынғы бюллетенінің» кезекті шығарылымында қамтылатын болады. Бюллетень 2024 ж. 3 тоқсанның соңында «Қазгидромет» РМК сайтында қол жетімді болады: <https://www.kazhydromet.kz/klimat/ezhegodnyy-byulleten-monitoringa-sostoyaniya-i-izmeneniya-klimata-kazahstana>

Қазақстан климатының жылынуы жалғасуда. 1960 жылдардан бастап Қазақстан аумағында әрбір келесі онжылдық алдыңғы онжылдыққа қарағанда жылы болды. 2014–2024 жж. соңғы онжылдығындағы орташа жылдық ауа температурасы  $+6,98^{\circ}\text{C}$  құрады және климаттық нормадан  $0,70^{\circ}\text{C}$  асып түсті. 2020–2024 жж. соңғы бесжылдық ауа температурасының  $+7,35^{\circ}\text{C}$  орташа мәнімен, ең жылы болды, ол климаттық нормадан  $1,06^{\circ}\text{C}$ -қа асып түсті.

Ең жылы он жылдың тоғызы 21 ғасырға келеді. Қазақстан аумағында 2024 жылы ауа температурасының аномалиясы  $+0,87^{\circ}\text{C}$  құрады. Бұл көрсеткіш 1941 жылдан бергі бақылау тарихындағы ең жылы жылдардың 10 %-на еніп, алтыншы орынға сәйкес келді (1.1-кесте). 2024 жылы Қазақстан аумағы бойынша орташа жылдық ауа температурасы  $+7,18^{\circ}\text{C}$  болды, бұл 1991–2020 жж. климаттық нормасынан  $0,87^{\circ}\text{C}$  жоғары болды. (1.1-кесте).

**1.1-кесте** – Қазақстандағы 1941–2024 жж. кезеңіндегі бақылаулар тарихындағы ең жылы жылдар және сәйкесінше Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жер бетіндегі жылдық орташа ауа температурасының аномалиялары. Аномалиялар 1991–2020 жж. кезеңіне қатысты есептелген


| Ранг     | Ең жылы жылдар | Орташа жылдық температураның аномалиясы<br>(қаңтар–желтоқсан), $^{\circ}\text{C}$ |
|----------|----------------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2023           | 1,73                                                                              |
| 2        | 2020           | 1,07                                                                              |
| 3        | 2013           | 1,04                                                                              |
| 4        | 2022           | 0,92                                                                              |
| 5        | 1983           | 0,91                                                                              |
| <b>6</b> | <b>2024</b>    | <b>0,87</b>                                                                       |
| 7        | 2015           | 0,79                                                                              |
| 8        | 2021           | 0,73                                                                              |
| 9        | 2002           | 0,70                                                                              |
| 10       | 2004           | 0,68                                                                              |

2024 жылы Қазақстанның бүкіл дерлік аумағында орташа жылдық ауа температурасының аномалиялары оң мәнге ие болды. Тек елдің оңтүстігіндегі шағын бір аумақта ғана ауа температурасының  $-0,2^{\circ}\text{C}$  аномалиясы тіркелді (1.1-сурет, жоғарғы сурет). Шығыс, оңтүстік-батыс және батыс өңірлерде, сондай-ақ жекелеген солтүстік-шығыс, орталық аудандар мен Балқаш маңында температуралық аномалиялар  $1,1$ – $1,9^{\circ}\text{C}$  аралығында болды, ал ең жоғары

мән +2,3 °C-қа дейін жетті. Аталған өңірлердегі аномалиялардың аспау ықтималдығы 95 %-дан жоғары болып, температуралық жағдай «экстремалды жылы» деген сипат алды.

Абай, Алматы, Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарында 2024 жыл экстремалды жылы жылдардың 5 %-ына енді. Бұл облыстар аумағында орташа температуралық аномалиялар +0,85+1,35 °C аралығында тіркелді. Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Ұлытау облыстары бойынша ауа температурасының орташа аномалиялаы +0,74+1,20 °C аралығында болып, ең жоғары мәндердің 10 %-ына енді. Қалған облыстарда орташа жылдық температуралық аномалиялар +0,47+0,85 °C аралығында болды.

Қазақстан бойынша 17 метеостанцияда аномалиялар 2,3 °C-қа дейін жетіп, жылдық температура экстремалды жоғары деңгейде болды (5 %-дық экстремум тіркелді). Абай облысындағы Ақтоғай және Бақты метеостанцияларында 2024 жыл 1941 жылдан бергі ең жылы жыл ретінде тіркелді.



**1.1-сурет** – 1991–2020 ж. кезеңіндегі нормаларға қатысты есептелген 2024 ж. Қазақстан аумағындағы орташа жылдық ауа температурасының (жоғарғы, °C) және жылдық жауын-шашын сомасының (төменгі, %) аномалиялары

2024 жылы Қазақстан аумағының басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері климаттық норма шамасында немесе нормадан жоғары деңгейде тіркелді (1.1-сурет, төменгі). Ең төменгі көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында байқалып, мұнда жауын-шашын норманың 104,2 %-ын құрады. Жылдық норманың максималды ауытқуы Ақмола облысында тіркеліп, жылдық жауын-шашын мөлшері нормадан 146,6 %-ға бақыланды, дегенмен орташа жауын-шашын қабаты 160 мм ғана болды.

Жауын-шашынның нормаға қатысты көп мөлшері оңтүстік-шығыс (140–210 %), солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарда (140–190 %), сондай-ақ орталық және шығыс өңірлерді (120–190 %) қамтыды, ал Қостанай мен Қызылорда облыстарының оңтүстік бөліктерінде жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 40–70 % төмен болып, жауын-шашын тапшылығы байқалды. Ел аумағы бойынша 20 метеостанцияда 1941 жылдан бері тіркелген ең жоғары жылдық жауын-шашын мөлшері бойынша рекордтар орнатылды.

1.2-кестеде айлар бойынша орташа температуралық аномалиялар (°C) мен олардың бақылау кезеңіндегі рангтары келтірілген, бұл ретте 2024 жыл орташа жылдық температураның елеулі оң аномалиясымен сипатталды – +0,89 °C болды.

Ең айқын оң аномалиялар сәуірде (+2,73 °C, 5-ранг), қаңтарда (+2,48 °C, 9-ранг) және маусымда (+1,89 °C, 2-ранг) байқалып, аномалды жылы айлар ретінде сипатталды. Сонымен қатар, теріс аномалиялар мамырда (–0,93 °C), ақпанда (–0,51 °C) және қыркүйекте (–0,94 °C, 65-ранг) тіркеліп, температуралық төмендеудің жекелеген кезеңдері болғанын көрсетті. Осылайша, 2024 жыл жалпы аномалды жылы болып, маусымдық температуралық аномалиялардың айқын ауытқушылығымен ерекшеленді.

1976–2024 жылдар аралығында Қазақстан аумағы бойынша орташа жылдық ауа температурасының жыл сайынғы өсу қарқыны 0,36 °C/10 жыл шамасында болды (1.2а-сурет), 1970 жылдардың ортасынан бастап температураның біртіндеп және тұрақты өсуі байқалды, 2000 жылдардың басында салыстырмалы салқындау кезеңі тіркелді, алайда 2010-жылдардың соңынан бастап жыл сайынғы орташа температураның оң аномалиялары басым бола бастады.


Жылдық жауын-шашын мөлшері 1940, 1960 және 1970-жылдары азаю үрдісінде болды, соңғы 40 жылдық кезеңде жауын-шашын бойынша ұзақмерзімді тұрақты үрдіс байқалмады: оң және теріс аномалиялардың қысқа кезеңдік кезектесуі орын алды (1.2б-сурет).

**1.2-кесте – 2024 ж. Қазақстан бойынша орташа температуралық аномалиялар: 1991– 2020 жж. кезеңдегі нормадан ауытқулар және 1941–2024 жж. кезеңдегі дәреже**

| Кезең         | Аномалия, °C | Ранг     |
|---------------|--------------|----------|
| қаңтар        | 2,48         | 9        |
| ақпан         | -0,51        | 43       |
| наурыз        | 0,78         | 21       |
| сәуір         | 2,73         | 5        |
| мамыр         | -0,93        | 53       |
| <b>маусым</b> | <b>1,89</b>  | <b>2</b> |
| шілде         | 0,42         | 29       |
| тамыз         | 0,47         | 20       |
| қыркүйек      | -0,94        | 65       |
| қазан         | 0,64         | 11       |
| қараша        | 1,70         | 20       |

| Кезең     | Аномалия, °C | Ранг |
|-----------|--------------|------|
| желтоқсан | 1,78         | 18   |
| жыл       | 0,89         | 7    |


*Ескерту: 1-3 ранг аномалиялар қанық қызғылт түске боялған*



**1.2-сурет** – 1941–2024 жж. кезеңіндегі Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық орташа жер бетіндегі ауа температурасының (а, °C) және жауын-шашынның жылдық сомасының (б, норманың %) аномалиялары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіндегі орташа мәндерге қатысты есептелген. Тегістелген қисық 11 жылдық жылжымалы орташалау арқылы алынды

### ***Ауа температурасының маусымдық режимі.***

**2023/24 жылдың қысында** Қазақстан бойынша орташа ауа температурасы нормадан 1,34 °C жоғары болды (13-ранг). Ең жылы қыс мезгілі 2019/2020 жылдың қысы болып қалды. 2023/2024 жылғы қысқы мезгілде еліміздің теріс аномалияларлар тіркелген кейбір қиыр солтүстік және шығыс бөліктерінен басқа басым бөлігінде нормаға жақын оң температура аномалиялар байқалды.. Ең айқын теріс аномалия -1,1 °C болып, Жетісу облысындағы Жаланаşkөл метеостанциясында тіркелді. Климаттық нормадан айтарлықтай жоғары температуралар елдің оңтүстік және батыс бөліктерінде бақыланды. Ең жоғары оң аномалия +4,0 °C болып, Батыс Қазақстан облысындағы Каменка метеостанциясында тіркелді. Ауа температурасының норма шегіндегі оң аномалиялары солтүстік, шығыс және кейбір оңтүстік-шығыс өңірлерді қамтыды.



**1.3-сурет** – 2024 ж. Қазақстан аумағындағы орташа мезгілдік ауа температурасының (°C) аномалиялары, 1991–2020 ж. кезеңіндегі нормаларға қатысты есептелген

**Көктемде** Қазақстан бойынша орташа ауа температурасының аномалиясы  $+0,87^{\circ}\text{C}$  құрап, аспау ықтималдығы 81 % деңгейінде болды (1.3-сурет). Ел аумағының басым бөлігінде ауа температурасының аномалиялары климаттық нормадан жоғары тіркелді. Теріс аномалиялар негізінен солтүстік өңірлерде, сондай-ақ жекелеген оңтүстік аймақтарда байқалды. Ауа температурасының оң аномалияларының шамасы солтүстік және оңтүстік бөліктерде нормаға жуық болды ( $0,03\text{--}1,15^{\circ}\text{C}$ ), ал батыс және шығыс аймақтарда бұл көрсеткіштер айтарлықтай жоғары болып,  $1,18\text{--}1,65^{\circ}\text{C}$  аралығын қамтыды. Елдің шығыс, оңтүстік және оңтүстік-батысындағы 4 облыстың аумағында көктем маусымы ең жылы 5–10 % маусымдардың қатарына енді. 15 метеостанцияда ауа температурасының аномалиялары экстремалды жоғары 10 % көрсеткіштерге жетті, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысындағы екі метеостанцияда (Өскемен және Шар) сезондық температуралар 95-процентильден жоғары болып, экстремалды жоғары ретінде тіркелді.

**Жаз** мезгілінде Қазақстан бойынша орташа ауа температурасының аномалиясы  $+0,93^{\circ}\text{C}$  құрап, 6-орынға ие болды және оның аспау ықтималдығы 94 % деңгейінде болды (1.3-сурет). Теріс аномалиялардың ошағы елдің батыс және орталық бөлігіндегі Ақтөбе, Қостанай және Ұлытау облыстарындағы кең аумақты қамтыды. Ең жоғары оң аномалиялар Алматы, Шығыс-Қазақстан және Абай облыстарында байқалды. Ең жоғарғы оң аномалия ( $+2,3^{\circ}\text{C}$ ) Шығыс-Қазақстан облысындағы Өскемен метеостанциясында тіркелді. Қазақстанның 66 метеостанциясы бойынша жазғы маусымдағы ауа температура көрсеткіштері

95-процентильден асып түсті, оның ішінде 23 метеостанцияда 1941 жылдан бергі ең жоғары маусымдық ауа температуралары тіркеліп, рекордтық көрсеткіштер орнатылды.

**Күзде** Қазақстан аумағы бойынша орташа ауа температурасы климаттық нормадан  $0,47\text{ }^{\circ}\text{C}$  жоғары болды (18-ранг, 1.3-сурет). Ең жоғары оң аномалиялардың ошақтары елдің ең батыс бөліктерінде шоғырланды. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан облысындағы Жәнібек, Орда және Чапаево метеостанцияларында  $+1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$  деңгейіндегі максималды оң аномалиялар тіркелді. Атырау және Батыс Қазақстан облыстары бойынша орташа температуралық аномалиялар экстремалды жоғары көрсеткіштердің 5 % немесе 10 % аралығына енді. Сонымен қатар, 7 метеостанцияда ауа температурасының аномалиялары экстремалды жоғары 5 % және 10 % экстремумдар тіркелді. Елдің шығыс бөлігінде аномалиялар нормаға жуық немесе одан төмен деңгейде тіркелді. Ең айқын теріс аномалия  $-0,7\text{ }^{\circ}\text{C}$  деңгейінде болып, Ақмола облысындағы Есіл метеостанциясында байқалды.

**Ауа температурасының өзгеру тенденциялары** 1976–2024 жылдардағы кеңістіктік орташа температура аномалияларының уақыт қатарынан алынды: жалпы Қазақстан аумағы үшін және әкімшілік-аумақтық аудандар үшін. Қазақстанның барлық аумағында және жылдың барлық мезгілінде жылыну байқалады, тек қыс пен жаз мезгілдерінде ғана Қазақстанның орталығы мен солтүстік-шығыс бөлігінде салқындау тенденциясы байқалды.

1976–2024 жылдар аралығында Қазақстанның барлық облыстары аумағында орташа жылдық ауа температурасының тұрақты өсуі байқалды. Жылыну тенденциясының орташаланған ең жоғары қарқыны батыс және оңтүстік-батыс өңірлерде тіркеліп,  $0,47\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$ –  $0,56\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  аралығын қамтыды, ең төменгі қарқын орталық, солтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерде байқалып,  $0,26\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жылдан}$   $0,30\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  аралығын қамтыды. Детерминация коэффициенті облыстар бойынша 15 %-дан 59 %-ға дейін өзгерді, трендтер 5 % маңыздылық деңгейіне болды.

Қыс мезгілінде Қазақстан аумағы бойынша орташа жылыну тенденциясы  $0,26\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  болды, алайда бұл тренд тек жалпы дисперсияның шамамен 2 %-ын ғана құрады. Барлық облыстарда қысқы температуралар бойынша трендтер оң мәнде болғанымен, олардың дисперсияны түсіндіру үлесі негізінен 0–15 % аралығында шектелді.

Қысқы ауа температурасының ең айқын өсуі Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында байқалды – мұнда жылыну қарқыны  $0,40\text{--}0,52\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  аралығында болды, және бұл трендтер 5 % деңгейінде статистикалық тұрақты деп танылды. Сонымен қатар, Қызылорда облысында да жылыну тенденциясы байқалып, детерминация коэффициенті 5–15 % аралығында болды. Ал орталық, солтүстік, солтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде әлсіз теріс трендтер сақталып, бұл аймақтарда ауа температурасының төмендеу қарқыны  $0,06\text{--}0,20\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  аралығында болды.

**Көктемгі мезгілде** Қазақстанның барлық облыстарында ең қарқынды жылыну тенденциясы байқалды. Орташа температураның өсу жылдамдығының диапазоны  $0,47\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  (Маңғыстау облысы) мен  $0,91\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$  (Қызылорда облысы) аралығында тіркелді, бұл ретте дисперсияның үлесі 20–42 % құрады. Қазақстан территориясы бойынша орташа алғанда көктемгі кезеңдегі жылыну қарқыны  $0,66\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$ , ал трендтің үлесі жалпы дисперсияның 35 %-ын құрайды. Тренд 1 % маңыздылық деңгейінде тұрақты болды.


**Жаз мезгілінде** Қазақстан бойынша орташа температураның жылдық өсу қарқыны  $0,25\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жыл}$ , ал детерминация коэффициенті 24 % деңгейінде. Ең жоғары жылыну қарқыны ( $0,65\text{ }^{\circ}\text{C}/10\text{ жылға}$  дейін) батыс өңірлерде, оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс және батыстың

шығыс бөліктерінде (0,35 °C/10 жылға дейін) температураның өсу қарқыны бақыланды. Бұл аймақтарда трендтер уақыттық қатарлардың 15–55 % дисперсиясын көрсетеді. Солтүстік және орталық өңірлерде трендтің үлесі нөлге жақын, яғни тенденция іс жүзінде байқалмайды, дегенмен трендтің оң белгісі сақталады.

**Күзде** жылыну тенденциясы Қазақстанның бүкіл аумағында байқалды. Орташа жылдық қарқын 0,28 °C/10 жыл, ал детерминация коэффициенті 9 % құрады. Батыс және солтүстік облыстарда температураның өсу қарқыны 0,42–0,51 °C/10 жыл аралығында болып, тренд түсіндіретін дисперсияның үлесі 11–27 % деңгейінде болды. Орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерде трендтің бағыты оң, алайда оның жалпы дисперсиядағы үлесі 5 %-дан аспайды, яғни бұл аймақтарда айқын жылыну тенденциясы байқалмайды.

### **Жауын-шашынның маусымдық режимі.**

2024 жылы Қазақстан территориясы бойынша жыл бойына жауын-шашын мөлшері климаттық нормаға жуық немесе нормадан жоғары деңгейде тіркелді. Климаттық нормаға жуық жауын-шашын мөлшері төрт айда байқалды: сәуірде орташа есеппен 28,1 мм жауын-шашын түсті (нормадан 92,0 %), маусымда – 34,9 мм (нормадан 107,5 %), қыркүйекте – 14,1 мм (нормадан 81,0 %) және желтоқсанда – 21,4 мм (нормадан 83,7 %). Экстремалды ылғалды айлар ретінде қаңтар (45,8 мм, нормадан 210,8 %) және шілде (53,8 мм, нормадан 146,1 %) айлары тіркеліп, жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығы 90–100 % аралығында болды.



**1.4-сурет** – 2023 жылғы Қазақстан аумағындағы мезгілдік жауын-шашынның географиялық таралуы, 1991–2020 жж. базалық кезең үшін нормадан %-бен

Маусымдық тұрғыда Қазақстан аумағы бойынша қыс мезгілінде жауын-шашын мөлшері нормадан едәуір жоғары болды – нормадан 144,5 %, ал жазда (нормадан 130,2 %), көктемде (нормадан 118,0 %), күзде (нормадан 116,3 %), жауын-шашын мөлшері климаттық норма шамасында бақыланды.

**2023/2024 жылғы қыс мезгілінде** (2023 ж. желтоқсан – 2024 ж. ақпан) Қазақстан территориясы бойынша жауын-шашын мөлшері орта есеппен климаттық нормадан 144,5 %-ын құрады, бұл 1941 жылдан бергі бақылау қатарындағы ең ылғалды қыс ретінде тіркеліп (1.4-сурет), елдің басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері нормадан 120 %-дан артық болды. Жауын-шашынның шамадан тыс көп мөлшері батыс өңірлерде (нормадан 134–224%), солтүстік өңірлерде (нормадан 126–239 %), шығыс (нормадан 131–258 %) және оңтүстік-шығыс аймақтарда (нормадан 120–294 %) бақыланды. Қазақстанның барлық дерлік облыстарында орналасқан Маңғыстау, Қызылорда және Түркістан облыстарынан басқа, 78 метеостанцияда 5 % экстремумдар тіркеліп, оның ішінде 30 метеостанцияда рекордтық көрсеткіштер байқалды. Жауын-шашын тапшылығының ең ірі ошақтары Қызылорда және Маңғыстау облыстарында (нормадан 43–73 %) тіркелді, сондай-ақ Абай мен Түркістан облыстарында жауын-шашын тапшылығының жекелеген шағын ошақтары байқалды, ал Маңғыстау облысында орналасқан Құлалы аралы метеостанциясы бойынша қыс мезгілі ең құрғақ қыстардың 5 % қатарына кірді.

**Көктемде** жауын-шашын мөлшері орта есеппен климаттық нормадан 118 % құрады (18-ранг, аспау ықтималдығы 79 %) (1.4-сурет). Елдің басым бөлігінде жауын-шашынның таралуы біркелкі болмады, 120 %-дан жоғары жауын-шашын мөлшері Маңғыстау (нормадан 120–190 %), Ақмола (нормадан 136–222 %), Павлодар (нормадан 147–249 %) облыстарында, сондай-ақ Шығыс Қазақстан (нормадан 146–174 %), Жамбыл (нормадан 134–214 %), Түркістан (нормадан 122–168 %) және Қызылорда (нормадан 158–198 %) облыстарының көп бөлігінде тіркелді, ал Батыс Қазақстан (нормадан 41–70 %), Ақтөбе (нормадан 44–79 %) және Қостанай (нормадан 59–75 %) облыстарының басым бөлігінде, сондай-ақ орталық, шығыс және оңтүстік өңірлердегі жекелеген шағын ошақтарда (нормадан 21–77 %) маусымдық жауын-шашын мөлшерінің айтарлықтай тапшылығы байқалды. Қостанай облысындағы Амангелді метеостанциясында экстремалды құрғақ болып, жауын-шашын мөлшері бар болғаны 29,4 мм құрады (5 %-дық экстремум тіркелді). Елдің солтүстік облыстарында, сондай-ақ Абай облысының оңтүстігінде және Балқаш маңында орналасқан 18 метеостанция бойынша ылғалдану жағдайы экстремалды ылғалды (5 % экстремумдар) ретінде сипатталды, олардың ішінде Павлодар облысындағы Қызылжар, Екібастұз, Павлодар метеостанцияларында және Ақмола облысындағы Щучинск пен Жалтыр метеостанцияларында 1941 жылдан бергі ең жоғары маусымдық жауын-шашын мөлшері бойынша рекордтар тіркелді.

**Жаз мезгілінде** Қазақстан аумағы бойынша жауын-шашын мөлшері орта есеппен климаттық нормадан 130,2 % құрады (11-ранг, аспау ықтималдығы 87 %) (1.4-сурет). Жазғы кезеңде артық ылғалданудың төрт ірі ошағы байқалды: Ақтөбе облысының көп бөлігінде (нормадан 167–310 %), Қостанай облысының солтүстік жартысында (нормадан 158–238 %), Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батысында (нормадан 165–222 %) және Ақмола облысының орталық бөлігінде (нормадан 168–192 %), осы аталған өңірлерде орналасқан 34 метеостанцияда 5 %-дық экстремумдар (экстремалды ылғалды) тіркеліп, 7 метеостанцияда маусымдық жауын-шашын мөлшері бойынша рекордтар орнатылды. Қызылорда облысындағы Жосалы метеостанциясында (нормадан 252 %) және Түркістан облысындағы Шардара метеостанциясында (нормадан 198 %) нормадан айтарлықтай асып түсетін көрсеткіштер

бақыланды. Жауын-шашын тапшылығы елдің тек солтүстік өңірлерді қоспағанда, барлық облыстарында (нормадан 41–76 %) байқалды. Жауын-шашынның едәуір тапшылығы Маңғыстау мен Атырау облыстарының көп бөлігінде (нормадан 8–39 %), сондай-ақ Түркістан, Қызылорда және Қостанай облыстарының оңтүстігінде (нормадан 5–75 %) тіркелді, ал Маңғыстау облысындағы Құлалы аралы метеостанциясы бойынша жаз «экстремалды құрғақ» ретінде сипатталып, 5 %-дық экстремум байқалды.

**Күз мезгілінде** ел аумағы бойынша орташа жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 116,3 %-ын құрады (24-ранг, аспау ықтималдығы 72 %) (1.4-сурет). Жауын-шашынның нормадан айтарлықтай жоғары мөлшері (нормадан 268 %) Балқаш маңы өңірлерінде тіркелді. 120 %-дан жоғары жауын-шашын мөлшері Маңғыстау, Ақмола, Павлодар, Түркістан, Жамбыл және Ұлытау облыстарында, сонымен қатар Қызылорда облысының жекелеген аймақтарында және елдің шығыс, оңтүстік-шығыс өңірлерінде байқалды. Рекордтық ылғалды жағдай Павлодар облысында (1941 жылдан бергі ең ылғалды алтыншы күз) – Михайловка метеостанциясында (нормадан 217 %) және Жамбыл облысында – Хантау метеостанциясында (нормадан 313 %) тіркелді. Барлық аймақтарда орналасқан 25 метеостанцияда 10 %-дық экстремумдар байқалды. Жауын-шашын тапшылығы (80 %-дан төмен) Қостанай облысының көп бөлігінде (нормадан 45–75 %), Батыс Қазақстан облысы мен (нормадан 65–78 %) Ақтөбе облысының солтүстік шекаралас аудандарында (нормадан 62–79 %), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік-шығыс бөлігінде (нормадан 63–78 %) тіркелді, бұдан бөлек кейбір өңірлерде жауын-шашын тапшылығының шағын ошақтары байқалды, аталған өңірлерде орналасқан 31 метеостанцияда ылғалдану жағдайы «өте құрғақ» деп сипатталып, 10 %-дық экстремумдар тіркелді.

**Жауын шашын режимінің өзгеру тенденциялары.** Шолуда қазіргі климаттың өзгеруінің аймақтық өзгерістері 1976–2024 жылдар аралығындағы сызықтық трендті бағалаумен сипатталған. Тренд бақылау нүктелерінде – мезгілдік орташаланған станциялық аномалиялардың уақыттық қатарлары арқылы, ал Қазақстан аумағы мен оның облыстары үшін аймақтық орташаланған мезгілдік орташа аномалиялардың уақыттық қатарлары қолданыла отырып, ең кіші квадраттар әдісімен есептелді. Сызықтық тренд коэффициенті климаттық айнымалының сәйкес уақыт аралығындағы орташа өзгеру жылдамдығын сипаттайды. Тренд бағалаулары 1976–2024 жж. кезеңі үшін 10 жылдағы нормадан % бен жылдық және мезгілдік аномалиялар бойынша алынды.

1976–2024 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташа мезгілдік жауын-шашын сомаларында тенденция байқалмады – қатардың жалпы дисперсиясындағы трендтік құрамдас бөлігінің үлесі 3 %-дан аспайды, қысқы, көктемгі, жаз және жылдық жауын-шашын сомалары үшін трендтің белгісі оң, күзгі жауын-шашын үшін теріс болды.

Көптеген облыстарда жылдық жауын-шашынның жоғарылауы мен төмендеу тенденциялары маңыздылыққа ие емес, детерминация коэффициенті 10 % аспайды. Ақмола облысында жауын-шашынның өсу қарқыны шамамен нормадан 4,3%/10 жыл жылдамдығымен 10 % детерминация коэффициентін құрады. Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жауын-шашын мөлшері нормадан 4,0 және 4,6 %/10 жыл жылдамдығымен төмендеді, сәйкесінше детерминация коэффициенті 4 % и 3 % құрады.

**Қыс мезгілінде** Қазақстан аумағы бойынша орташа алғанда жауын-шашын мөлшері нормадан 1,7 %/10 жыл қарқынмен әлсіз ұлғаю тенденциясын көрсетті. Облыстар бойынша алғанда, жауын-шашын мөлшерінің айтарлықтай ұлғаю тенденциясы тек Ақмола облысында

анықталды – нормадан 9,2 % /10 жыл құрады, ал детерминация коэффициенті – 15 % болды. Қалған облыстарда қысқы жауын-шашынның өзгерістері әлсіз сипатта байқалды. Сонымен қатар, Атырау облысында жауын-шашын мөлшерінің өсу үрдісі бақыланды – нормадан 8,0 % /10 жыл, детерминация коэффициенті – 8 % құрады. Ұлытау облысында жауын-шашын мөлшерінің азаю тенденциясы тіркелді – нормадан 2,6 %/10 жыл деңгейінде болды, бұл ретте детерминация коэффициенті 2 % шамасында болып, жалпы тенденцияның әлсіз сипатын көрсетеді.

**Көктем мезгілінде** Қазақстан бойынша жауын-шашын мөлшері орта есеппен нормадан 2,4 %/10 жыл қарқынмен әлсіз ұлғаю тенденциясын көрсетті. Облыстардың басым бөлігінде жауын-шашын мөлшерінің оң бағыттағы өзгерістері байқалды. Ең айқын ұлғаю тенденциясы Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде, атап айтқанда Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді (нормадан 6,9–12,4 % /10 жыл аралығында, дисперсияға трендтің үлесі 10–14 %), статистикалық маңыздылық 5 % деңгейінде болды. Қазақстанның орталық бөлігінде, оңтүстік-батысында және оңтүстіктегі жекелеген аудандарда көктемгі жауын-шашын мөлшерінің азаю үрдісі байқалады, трендтер облыс деңгейінде емес, кейбір метеостанциялар деңгейінде статистикалық маңыздылыққа ие. Ең айқын теріс тренд Маңғыстау облысында бақыланды, көктемгі жауын-шашын мөлшері нормадан 10,0 % /10 жыл, детерминация коэффициенті – 5 %.

**Жаз мезгілінде** Қазақстанның барлық облыстары бойынша жауын-шашын мөлшерінің өзгеру үрдістері әлсіз сипатта, дисперсиядағы трендтің үлесі 5 %-дан аспайды. 1976–2024 жылдар аралығында өңірлік орташа жазғы жауын-шашын қатарлары бойынша ең айқын төмендеу тенденциясы Атырау облысында байқалды, орташа жылдамдығы нормадан 9,0 % /10 жыл, трендтің дисперсияға үлесі 5 %. Сонымен қатар, елдің оңтүстігінде, шығысында және Балқаш көлінің солтүстігіндегі аймақтарда жазғы жауын-шашын мөлшерінің өсу тенденциясы бақыланды (нормадан 9,4 %/10 жыл).

**Күз мезгілінде** елдің көпшілік облыстары бойынша жауын-шашын мөлшерінің теріс тенденциясы байқалды. Ең жоғары төмендеу қарқыны Қызылорда облысында тіркелді – нормадан 12,7 %/10 жыл құрады, детерминация коэффициенті – 13 %, трендтің статистикалық маңыздылығы 5 % болды.

## 2. 2023–2024 ЖЖ. ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Қар жамылғысы сипаттамаларының өзгеруін талдау «Қазгидромет» РМК мемлекеттік бақылау желісінің 211 метеостанциясы мен 47 агро- және гидробекетінің деректері негізінде жүргізілді. Климаттық өзгерістерге шолу дайындау үшін «Қазгидромет» РМК Республикалық гидрометеорологиялық қорының 182 метеостанциясының деректері пайдаланылды. Қарастырылған көрсеткіштердің аномалиялар қатарлары Қазақстан аумағы бойынша 17 әкімшілік-аумақтық облыс пен ірі өзендер мен су қоймалары бассейндері бойынша орташа есеппен алынған. Қазақстан облыстарының шекаралары төмендегі сызба-картада көрсетілген.

Қар жамылғысының жағдайын әрбір қысқы маусымда талдау өткен жылдың 1 шілдесінен ағымдағы жылдың 30 маусымына дейінгі деректер негізінде жүргізіледі.

2023–2024 жылдардағы қысқы кезең бойынша Қазақстан Республикасы метеостанцияларындағы қар жамылғысының ең жоғары биіктігі, қардағы су қорының ең жоғары мөлшері және қар жамылғысы күндерінің саны қосымшада көрсетілді.


### *Күзгі-қысқы қалыптасу режимі.*

2023–2024 жылғы кезеңде Қазақстан аумағының басым бөлігінде алғашқы қардың жаууы климаттық нормадан 10–20 күнге кеш тіркелді. Бұл ауытқу, әсіресе, алғашқы қар әдетте ерте түсетін солтүстік және орталық аймақтардағы жекелеген метеостанцияларда айқын байқалды. Алғашқы қардың түсу мерзімінің өзгеруі аномальді жылы күздің және антициклондық ауа райы жағдайларының ұзақ уақыт сақталуымен байланысты болды. Ал республиканың батыс аймақтарында, керісінше, алғашқы қар әдеттегі мерзімінен 4–21 күнге ерте түсті. Бұл жағдай ауа температурасының төмендеуіне және жыл мезгіліне тән емес мерзімде жауған қар түріндегі жауын-шашынға себеп болған суық атмосфералық фронттардың өтуімен түсіндіріледі (2.1-сурет).



**2.1-сурет** – 2023–2024 жж Қазақстан аумағында. қысқы кезеңде алғашқы қардың түсу мерзімдеріндегі аномалиялар (оң аномалиялар қардың ерте жаууын көрсетеді), 1991–2020 жж. нормаларымен салыстырмалы түрде


Қазақстан аумағының басым бөлігінде тұрақты қар жамылғысы климаттық нормадан 4–18 күнге кеш қалыптасты. Тек оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс өңірлерде, шығыс пен орталықтың жекелеген аудандарында қар жамылғысы климаттық нормаға жуық немесе 2–8 күнге ерте орнады. Қар жамылғысының қалыптасу мерзімінің айтарлықтай кешігуі орталық, солтүстік-шығыс, шығыс Қазақстанда, сондай-ақ батыс пен солтүстік-батыс өңірлердің кейбір бөліктерінде тіркелді - бұл аумақтарда қар жамылғысы климаттық нормадан 22–40 күнге кеш орнады (2.2-сурет). Бірқатар өңірлерде жиі байқалған жылы толқындары қар жамылғысының тұрақты қалыптасуына кедергі келтірді. Маңғыстау және Атырау облыстарының жекелеген аудандарында, сондай-ақ республиканың оңтүстік шеткі бөлігінде (таулы аймақтарды қоспағанда) тұрақты қар жамылғысы мүлде қалыптасқан жоқ.




**2.2-сурет** – 2023–2024 жж. Қазақстан аумағында қысқы кезеңде тұрақты қар жамылғысының қалыптасу мерзімдеріндегі аномалиялар (оң аномалиялар қар жамылғысының ерте қалыптасуын көрсетеді), 1991–2020 жж. нормаларымен салыстырғанда

### ***Көктемгі қардың бұзылу және еру режимі.***

Ел аумағының басым бөлігінде тұрақты қар жамылғысының бұзылуы климаттық мерзімдерден 4–10 күнге ерте басталды. Алайда, еліміздің таулы оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында, шығысында, сондай-ақ Алматы және Абай облыстарының жекелеген пункттерінде қар жамылғысы керісінше, климаттық мерзімдерден 26–33 күнге ұзақ сақталды. Бұл ақпан-наурыз айларында аталған өңірлерде жауған қардың мол мөлшерімен және соның салдарынан қар еру процесінің баяулауымен байланысты. Ал еліміздің батысы мен оңтүстік-батысында қар жамылғысы климаттық нормадан 22–35 күнге ерте бұзылды (2.3-сурет).



**2.3-сурет** – 2023–2024 жж. Қазақстан аумағында қысқы кезеңде тұрақты қар жамылғысының бұзылу мерзімдеріндегі аномалиялар (теріс аномалиялар қар жамылғысының кеш еруін көрсетеді), 1991–2020 жж. нормаларымен салыстырғанда




**2.4-сурет** – 2023–2024 жж. Қазақстан аумағында. қысқы кезеңде қар жамылғысының еру мерзімдеріндегі аномалиялар (оң аномалиялар қардың ерте еруін көрсетеді), 1991–2020 жж. нормаларымен салыстырғанда

Қазақстанның солтүстік облыстарында, қысы суық климатпен сипатталатын өңірлерде, қар жамылғысының толық еріп кетуі әдеттегі мерзімінен ерте тіркелді — бұл процесс климаттық нормадан 8–12 күнге ерте орын алды. Қардың еру қарқынының артуы наурыз айында ауа температурасының жоғарылауымен байланысты болуы мүмкін. Елдің орталық өңірлерінде қардың еріп кетуі солтүстікпен салыстырғанда баяулау болды — мұнда бұл процесс нормадан 2–6 күнге ерте өтті. Қазақстанның шығысында, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда қар

жамылғысының еру уақыты бойынша ең үлкен өзгерістер байқалды — бұл аумақтарда қардың еруі климаттық нормадан 10–22 күнге ерте басталды. Бұл рельефтің ерекшеліктерімен және көктемде ауаның жылдам жылынуы сияқты климаттық өзгерістермен байланысты, бұл Шығыс Қазақстан аумағында қардың еру процесін жеделдетеді (2.4-сурет).

#### ***Қар жамылғысының жату ұзақтығы.***

Қазақстан аумағының барлық дерлік бөлігінде қар жамылғысының жату ұзақтығы бойынша теріс аномалиялар тіркелді. Бұл жағдай зерттеліп отырған суық кезеңдегі ауа температурасының аномальді жоғары болуымен түсіндіріледі. Қар жамылғысының жату ұзақтығы бойынша ең жоғары теріс аномалиялар елдің батысында, оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында, сондай-ақ Ақмола, Павлодар және Қарағанды облыстарының жекелеген аумақтарында байқалды (2.5-сурет). Бұл теріс аномалиялар аталған өңірлер үшін рекордтық көрсеткішке жетті (2.1-кесте). Қар жамылғысының жату ұзақтығы бойынша оң аномалиялар Алматы облысының жекелеген пункттерінде, сондай-ақ Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарының шеткі шығыс бөліктерінде тіркелді.




**2.5-сурет** – 2023–2024 жж. қысқы кезеңде метеорологиялық станция маңындағы аумақтың 50%-дан астамы қармен жабылған күндер санының аномалиялары (1991–2020 жж. нормаларымен салыстырғанда)

#### ***Қар жамылғысының биіктігі мен су қоры.***

2023–2024 жж. қысқы кезеңде қар жамылғысының максималды биіктігі солтүстік, орталық, шығыс өңірлерде, сондай-ақ оңтүстік пен оңтүстік-шығыс таулы аймақтарында климаттық нормадан едәуір жоғары болды және бұл көрсеткіштер бақылау қатарындағы ең жоғары он мәннің қатарына кірді (2.1-кесте). Батыста, сондай-ақ орталық, шығыс және оңтүстік-шығыстың кейбір аудандарында қар жамылғысының биіктігі нормадан төмен болды. Оңтүстікте — климаттық нормаға жуық немесе одан төмен, тек таулы өңірлерді қоспағанда. Қар жамылғысының максималды биіктігі қыс маусымында Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстарында, сондай-ақ Абай облысының шығысында және Шығыс Қазақстан

облысында нормадан асты. Қар жамылғысының биіктігі бойынша оң аномалиялар орта есеппен 6–35 см-ді, ал солтүстік өңірлерде 40–80 см-ге дейін жетті (2.6-сурет).




**2.6-сурет** – 2023–2024 жж. қысқы кезеңде қар жамылғысының максималды биіктігі бойынша аномалиялар (1991–2020 жж. нормаларымен салыстырғанда)

**2.1-кесте.** Қысқы кезеңде (2023–2024 жж.) Қазақстан Республикасы облыстарының аумағы бойынша орташаланған қар жамылғысы сипаттамаларының аномалиялары.  $\Delta$ - 1991–2020 жж. орташадан ауытқу;  $\sigma$ - орташа квадраттық ауытқу, R- 1970–2023 жылдардағы қысқы кезеңнің төмендеу сипаттамаларының қатарындағы ағымдағы мәндердің рангы

| №  | Аймақтар                   | Қармен күндер саны |          |    | Қардағы су қоры |          |    | Қардың макс биіктігі |          |    |
|----|----------------------------|--------------------|----------|----|-----------------|----------|----|----------------------|----------|----|
|    |                            | $\Delta$           | $\sigma$ | R  | $\Delta$        | $\sigma$ | R  | $\Delta$             | $\sigma$ | R  |
| 1  | Солтүстік Қазақстан облысы | -5.3               | 9.0      | 41 | 58.0            | 52.9     | 2  | 23.4                 | 28.4     | 1  |
| 2  | Ақмола облысы              | -8.4               | 11.2     | 45 | 16.9            | 49.5     | 7  | 25.4                 | 31.83    | 1  |
| 3  | Қостанай облысы            | -12.5              | 11.7     | 48 | 53.7            | 28.3     | 2  | 5.2                  | 11.8     | 12 |
| 4  | Павлодар облысы            | 0.6                | 7.4      | 30 | 33.0            | 31.0     | 4  | 4.3                  | 14.5     | 14 |
| 5  | Шығыс Қазақстан облысы     | -11.5              | 27.7     | 42 | 53.4            | 152.2    | 4  | 10.1                 | 45.7     | 7  |
| 6  | Абай облысы                | -24.7              | 16.2     | 52 | -7.9            | 59.4     | 24 | 2.6                  | 21.3     | 13 |
| 7  | Қарағанды облысы           | -20.0              | 17.9     | 49 | -10.6           | 35.9     | 36 | 4.7                  | 14.9     | 8  |
| 8  | Ұлытау облысы              | -18.3              | 14.0     | 47 | -24.2           | 5.7      | 46 | 1.3                  | 8.6      | 28 |
| 9  | Батыс Қазақстан облысы     | -4.8               | 14.3     | 36 | -10.2           | 23.2     | 35 | -0.7                 | 13.9     | 27 |
| 10 | Атырау облысы              | -14.7              | 10.5     | 43 | -13.9           | 7.7      | 38 | -6.1                 | 2.1      | 42 |
| 11 | Маңғыстау облысы           | -12.1              | 6.8      | 40 | -4.0            | 3.5      | 19 | -5.3                 | 1.4      | 44 |
| 12 | Ақтөбе облысы              | -9.2               | 42.0     | 19 | -11.8           | 48.3     | 32 | -3.1                 | 23.1     | 25 |
| 13 | Қызылорда облысы           | -24.3              | 16.3     | 48 | -2.2            | 6.40     | 30 | 1.0                  | 2.3      | 17 |
| 14 | Түркістан облысы           | -8.50              | 32.5     | 32 | -14.0           | 116.6    | 33 | 3.5                  | 27.9     | 16 |
| 15 | Жамбыл облысы              | -8.2               | 20.5     | 38 | -6.0            | 18.2     | 26 | 9.4                  | 7.4      | 5  |
| 16 | Алматы облысы              | 1.4                | 48.6     | 24 | 4.3             | 81.4     | 17 | 1.4                  | 48.6     | 24 |
| 17 | Жетісу облысы              | -20.7              | 19.0     | 49 | -44.3           | 77.1     | 50 | -7.7                 | 18.8     | 35 |

Қысқы кезеңде қардағы су қорының максималды мөлшері далалық қар түсіру деректері бойынша, еліміздің солтүстігінде, солтүстік-шығысында және шығысында климаттық нормадан асып түсті. Нормадан едәуір асу Солтүстік Қазақстан, Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында байқалды. Бұл өңірлерде қар жамылғысының су қорының оң аномалиялары рекордтық көрсеткішке жетіп, ең рекордтық жылдардың қатарына енді. Нормадан асып түсу сондай-ақ Батыс Қазақстанның солтүстік бөлігі, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола облыстары, сондай-ақ оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы аймақтарында да анықталды. Қалған аумақтарда қардағы су қоры көпжылдық нормадан төмен болды (2.7-сурет).



**2.7-сурет** – 2023–2024 жж. қыста (1991–2020 жж.) дала аумағындағы қардағы максималды су қорының аномалиялары

### ***Ірі өзендер және су қоймаларындағы қардың су қоры.***

2.2-кестеде ірі өзендер мен су қоймалары бассейндері бойынша қар жамылғысындағы су қорының толық деректері келтірілген.

2023–2024 жылғы қыс маусымында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа райы жалпы алғанда климаттық нормадан жылы болды. Ауаның оң температуралық аномалиялары байқалған аймақтарға батыс пен шығыс өңірлер, солтүстік-шығыс пен оңтүстік-батыстағы жекелеген аумақтар жатады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы аумағында қар жамылғысындағы су қорының максималды мөлшері көбінесе наурыз айының екінші онкүндігінде тіркелді, тек таулы өңірлерде бұл мерзім кейінірек байқалды. Ал батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерде қардағы су қорының ең жоғарғы мөлшері 2024 жылдың ақпан айының екінші онкүндігінде тіркелді.

Қыста қар жамылғысындағы су қорының ең жоғары мөлшері жазық өзендерде, сондай-ақ Есіл мен Ертіс өзендерінің алаптарында және Жайық-Каспий алабының жекелеген өзендерінде нормадан жоғары болды (Тоғызак өзені - нормадан 221 %, Орь-Бугетсай өзені - нормадан 172 %).

Нұра-Сарысу алабында қардағы су қоры норманың 44–116 %-ын құрады.

Самарқан және Шерубайнұра су қоймаларында су қоры өткен жылмен салыстырғанда 40–50 мм-ге аз болып, норманың тек 44–56 %-ын құрады.

Есіл және Ертіс алаптарында қар жамылғысындағы су қоры нормадан айтарлықтай асып түсті. Шағлы және Шүлбі су қоймаларында су қоры нормадан 151–211 %-ын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 20–130 мм-ге көп болды. Осы алаптардың басқа өзендерінде су қоры не сәл жоғары, не нормаға жақын болды. Тек Астана су қоймасында қардағы су қоры нормадан айтарлықтай төмен болды – 62 %, бұл өткен жылмен салыстырғанда 30 %-ға аз.

Тобыл-Торғай алабында су қоры, былтырғы жылдағыдай, норма шегінде болды және аздап артып, нормадан 80–166 % құрады. Алайда Торғай-Пески Тусум өзенінде су қоры өткен жылғыдай нормадан төмен болды.

Жайық-Каспий алабында қар қорының айтарлықтай жоғары мөлшері Тоғызақ, Қосістек, Орь-Бугетсай өзендерінде, сондай-ақ Утва-Кентобек өзенінде тіркелді, мұнда қар қоры нормадан 127–221 %-ын құрады. Сонымен қатар, Сағыз, Жем-Жанбике, Шаған-Чувашинская және Үленті өзендерінде қар қоры нормадан 40–60 % төмен болды.

Оңтүстік аймақтың тау өзендерінде қар қорының айтарлықтай жоғары көрсеткіштері (нормадан 150 %-ы) Қаратау, Арыс және Жетісу Алатауы өзендері алаптарында тіркелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда едәуір көп. Қалған өзендерде де қар қоры нормаға қарағанда аздап жоғары болды және бұл көрсеткіш те өткен жылмен салыстырғанда жоғары.


**2.2-кесте – 2023 жылғы көктемде Қазақстан Республикасының ірі өзендері мен су қоймалары бассейндеріндегі қар жамылғысындағы судың ең жоғары қоры туралы мәліметтер (2023 жылдың осы кезеңіндегі норма және қар қорымен салыстырғанда): W 2024 – су қоры 2024 жылы, W 2024 – су қоры 2024 жылы**

| №                    | Бассейндер                      | W2022   |                 |                   | W2023   |                 |                   |
|----------------------|---------------------------------|---------|-----------------|-------------------|---------|-----------------|-------------------|
|                      |                                 | Су қоры | Су қоры (норма) | Откл от нормы в % | Су қоры | Су қоры (норма) | Откл от нормы в % |
| Нұра-Сарысу бассейні |                                 |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                    | Самарқанд су қоймасына ағын     | 23.0    | 52              | 44                | 75.3    | 52              | 144               |
| 2                    | Шерубайнұр су қоймасына ағын    | 43.3    | 77              | 56                | 83.1    | 77              | 108               |
| 3                    | Кеңгір су қоймасына ағын        | 46.0    | 56.0            | 82                | 41.8    | 56.0            | 75                |
| 4                    | Сарысу                          | 95.3    | 82              | 116               | 82.6    | 82              | 100               |
| 5                    | Тоқырау                         | 102.7   | 102             | 101               | 82.0    | 102             | 80                |
| Есіл бассейні        |                                 |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                    | Астана су қоймасына ағын        | 38.3    | 62              | 62                | 57.6    | 62              | 93                |
| 2                    | Сілеті су қоймасына ағын        | 54.5    | 53              | 103               | 65.5    | 53              | 124               |
| 3                    | Қарғалы су қоймасына құятын жер | 65.0    | 43              | 151               | 47.0    | 43              | 109               |
| 4                    | Калкутан                        | 123.0   | 107             | 115               | 100.5   | 107             | 94                |
| 5                    | Жабай                           | 167.0   | 126             | 133               | 145.5   | 126             | 116               |
| 6                    | Сергеев су қоймасына ағын       | 114.3   | 71              | 160               | 120.0   | 71              | 168               |
| Ертіс бассейні       |                                 |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                    | Бұқтырма су қоймасы             | 125.6   | 75.6            | 166               | 143.9   | 75.6            | 190               |
| 2                    | Шүлбі су қоймасы                | 261     | 124             | 211               | 123.0   | 124             | 101               |


| №                             | Бассейндер                                              | W2022   |                 |                   | W2023   |                 |                   |
|-------------------------------|---------------------------------------------------------|---------|-----------------|-------------------|---------|-----------------|-------------------|
|                               |                                                         | Су қоры | Су қоры (норма) | Откл от нормы в % | Су қоры | Су қоры (норма) | Откл от нормы в % |
| 3                             | Ертістің сол жақ салалары                               | 123.6   | 81.0            | 153               | 105.4   | 81.0            | 130               |
| 4                             | Тарбағатайдың оңтүстік-батыс жотасы                     | 71.7    | 104.7           | 68                | 116.3   | 104.7           | 111               |
| <b>Тобыл-Торғай бассейні</b>  |                                                         |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                             | Жоғарғы Тобыл су қоймасына құятын саласы                | 99.5    | 73              | 136               | 99.0    | 73              | 136               |
| 2                             | Қаратомар су қоймасына ағын                             | 114.8   | 69              | 166               | 83.0    | 69              | 120               |
| 3                             | Торғай өзені-Тусум құмдары                              | 65.3    | 81              | 80                | 70.0    | 81              | 80                |
| 4                             | Қараторғай ө. - Ақөткел                                 | 53.0    | 42              | 126               | 58.0    | 42              | 138               |
| <b>Жайық -Каспий бассейні</b> |                                                         |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                             | Ақтөбе су қоймасына ағын                                | 61.0    | 63              | 97                | 82.0    | 63              | 130               |
| 2                             | Қарағалы су қоймасына ағын                              | 152.5   | 144             | 106               | 154.0   | 144             | 107               |
| 3                             | Тоғызақ өзені                                           | 146.0   | 66              | 221               | 132.0   | 66              | 224               |
| 4                             | Қосистек өзені                                          | 177.0   | 132             | 134               | 195.0   | 132             | 148               |
| 5                             | Ор ө.-Бөгетсай                                          | 194.0   | 113             | 172               | 142.6   | 113             | 126               |
| 6                             | Темір ө.-Ленинский                                      | 65.5    | 92              | 71                | 64.5    | 92              | 70                |
| 7                             | Ойыл өзені                                              | 70.0    | 68              | 103               | 62.0    | 68              | 91                |
| 8                             | Ырғыз ө. – Шеңбертал                                    | 56.0    | 89              | 63                | 80.5    | 89              | 91                |
| 9                             | Сағыз өзені                                             | 23.5    | 52              | 46                | 31.0    | 52              | 60                |
| 10                            | Жем ө. – Жанбике                                        | 40.2    | 61              | 66                | 40.8    | 61              | 67                |
| 11                            | Деркул ө. – Белес ауылы                                 | 68.0    | 102             | 67                | 93.3    | 102             | 91                |
| 12                            | Утва ө.-Кентобек                                        | 71      | 56              | 127               | 74      | 56              | 132               |
| 13                            | Шаған ө.-Чувшинская                                     | 38.0    | 72              | 53                | 34.2    | 72              | 48                |
| 14                            | Өлеңті өзені                                            | 57.0    | 84.0            | 68                | 53.0    | 84.0            | 63                |
| <b>Шу-Талас бассейні</b>      |                                                         |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                             | Қаратау ө. бассейні                                     | 45.0    | 30.0            | 150               | 15.4    | 30              | 51                |
| 2                             | Арыс өзенінің бассейні Қаратаудың оңтүстік-батыс жотасы | 45.0    | 30.0            | 150               | 15.4    | 30              | 51                |
| 3                             | Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемі                 | 218.5   | 197.5           | 111               | 300.5   | 198             | 153               |
| <b>Балқаш-Алакөл бассейні</b> |                                                         |         |                 |                   |         |                 |                   |
| 1                             | Іле Алатауының солтүстік беткейі                        | 116     | 113             | 103               | 67      | 113             | 60                |
| 2                             | Іле Алатауының солтүстік беткейі және Кетмен жотасы     | 53.3    | 47              | 114               | 65      | 47              | 139               |
| 3                             | Жетісу Алатауы                                          | 104     | 68              | 151               | 115.2   | 68              | 168               |

### ***Қар жамылғысының сипаттамаларының көпжылдық өзгерістері.***

Қазақстан аумағындағы станциялық бақылау деректері негізінде 1970–2024 жылдар аралығында қыс мезгіліндегі қар жамылғысы биіктігінің максималды мәндерінің өзгеру белгісі мен орташа жылдамдығын сипаттайтын трендтердің жергілікті бағалауларының кеңістіктік таралуы 2.8-суретте көрсетілген; тренд см/10 жыл бірлігінде өрнектелген.



**2.8-сурет** – Қыс мезгіліндегі қар жамылғысының максималды биіктік қатарларындағы сызықтық тренд коэффициенті (см/10 жыл). (5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген)



● - 5 % деңгейіндегі статистикалық маңызды тренд

**2.9-сурет** – 1970–2024 жылдар аралығында метеостанция маңындағы аумақтың 50 %-дан астамы қармен жабылған күндер саны қатарларындағы сызықтық тренд коэффициенті (күн/10 жыл). (5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген)

1970–2024 жылдар аралығында еліміздің солтүстік, шығыс, орталық және оңтүстік-шығыс өңірлерінде қыс мезгіліндегі қар жамылғысының максималды биіктігінің сызықтық тренд

коэффициентінің ұлғаюы байқалады. Қар жамылғысы биіктігінің ең үлкен артуы Шығыс Қазақстан таулы аймақтарында және Ақмола облысының оңтүстігінде тіркелді. Облыстар бойынша орташа мәндер есептелгенде, 5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңызды оң трендтер Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Қарағанды және Алматы облыстарында, сондай-ақ жалпы Қазақстан бойынша алынды. Қар жамылғысының төмендеу үрдісі Ұлытау және Атырау облыстарында байқалды (2.3-кесте).


Метеостанция маңындағы аумақтың 50 %-дан астамы қармен жабылған күндер санының сызықтық тренд коэффициенттерінің кеңістіктік таралуы 2.9-суретте көрсетілген (5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген). Оң ауытқулар батыс, шығыс, оңтүстік-шығыс және орталық өңірлерде байқалады. 1970–2024 жылдар аралығында облыстар бойынша орташа мәндер есептелгенде, қар жамылғысы бар күндер саны бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды сызықтық тренд коэффициенттері анықталған жоқ.

**2.3-кесте** – 1970–2024 жж. Қазақстан облыстары үшін қар жамылғысының орташа сипаттамаларының сызықтық трендін (5 % деңгейінде маңызды) бағалау; **H max, см/10 жыл**–қар жамылғысының максималды биіктігі; **Nd, күндер/10 жыл** – қар жамылғысы бар күндер саны; **SWEn, мм/10 жыл** – қардағы(алаңдағы) су қоры

| №  | Облыс     | H max        | Nd    | SWEn         |
|----|-----------|--------------|-------|--------------|
| 1  | Қазақстан | <b>2.00</b>  | 0.74  | <b>3.8</b>   |
| 1  | СҚО       | <b>3.87</b>  | -1.77 | <b>3.7</b>   |
| 2  | Ақмола    | 0.8          | -0.38 | <b>5.8</b>   |
| 3  | Қостанай  | 0.01         | -0.02 | <b>3.5</b>   |
| 4  | Павлодар  | <b>3.44</b>  | 1.14  | <b>14.4</b>  |
| 5  | ШҚО       | <b>1.79</b>  | 1.73  | <b>6.7</b>   |
| 6  | Абай      | <b>2.04</b>  | 0.74  | <b>3.7</b>   |
| 7  | Қарағанды | <b>-1.94</b> | 0.43  | -1.16        |
| 8  | Ұлытау    | 0.37         | -2.84 | 0.97         |
| 9  | БҚО       | <b>-1.79</b> | -3.52 | -0.14        |
| 10 | Атырау    | -0.01        | -1.69 | 1.35         |
| 11 | Маңғыстау | 0.1          | -0.72 | 2.24         |
| 12 | Ақтөбе    | -0.63        | -2.75 | <b>-2.65</b> |
| 13 | Қызылорда | -0.54        | -2.94 | 3.35         |
| 14 | Түркістан | 0.3          | -0.94 | 1.52         |
| 15 | Жамбыл    | <b>1.41</b>  | 2.14  | 1.31         |
| 16 | Алматы    | 0.23         | 0.28  | 1.12         |
| 17 | Жетісу    | <b>2.00</b>  | 0.74  | <b>3.8</b>   |

**Ескерту:** 5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген

Қыс мезгіліндегі қардағы судың максималды қорының өзгеру үрдістері (дала) 1970–2024 жылдар аралығында маршруттық бақылау деректері бойынша 2.9-суретте көрсетілген (5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген). Қардағы су қорының статистикалық маңызды ұлғаюы Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында тіркелді. Оң сызықтық тренд коэффициенттерінің айтарлықтай артуы Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында байқалып, сәйкесінше 6,7 және 14,4 мм/10 жылды құрады. Қызылорда облысында қардағы су қорының статистикалық маңызды азаюы тіркелді.



**2.8-сурет** – 1970–2024 жж. қысқы кезеңдегі дала жағдайларында қардағы су қорының сызықтық тренд коэффициенті (мм/10 жыл), (5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген)

Су шаруашылығы бассейндері бойынша орташа алынған деректер бойынша Балқаш-Алакөл, Ертіс және Тобыл-Торғай бассейндерінде қардағы су қорының статистикалық маңызды ұлғаюы анықталды. Оң сызықтық тренд коэффициенттерінің айтарлықтай өсуі Ертіс бассейнінде алынды және 7,17 мм/10 жылды құрайды. Арал-Сырдария бассейнінде су қорының статистикалық маңызды теріс тенденциялары алынды. (2.4-кесте).

**2.4-кесте** – 1970–2024 жж. Қазақстанның су шаруашылық бассейндері үшін қардағы су қорының орташа сипаттамаларының сызықтық трендін бағалау. SWEn/10 жыл-сызықтық тренд коэффициенті, D% - трендтің дисперсияға қосқан үлесі.

| № | Бассейндер                   | SWEn         | D            |
|---|------------------------------|--------------|--------------|
| 1 | Арал-Сырдария бассейні       | <b>-3.53</b> | <b>6.25</b>  |
| 2 | Балқаш-Алакөл бассейні       | <b>2.96</b>  | <b>5.00</b>  |
| 3 | Ертіс бассейні               | <b>7.73</b>  | <b>17.47</b> |
| 4 | Есіл бассейні                | <b>3.56</b>  | <b>6.00</b>  |
| 5 | Жайық (Орал)-Каспий бассейні | -0.3         | 0.01         |
| 6 | Нұра-Сарысу бассейні         | 0.33         | 0.19         |
| 7 | Тобыл-Торғай бассейні        | <b>3.02</b>  | <b>6.14</b>  |
| 8 | Шу-Талас бассейні            | 1.03         | 0.93         |

**Ескерту:** 5 % деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңыздылары қызыл түспен белгіленген

### Қорытындылай келе,

1. 2023–2024 жылдардағы бірінші қар Қазақстанның көп бөлігінде климаттық нормадан 10–20 күнге кеш түсті. Тек Қазақстанның батысында бірінші қардың түсуі климаттық нормадан 4–21 күнге ертерек байқалды.

2. Қазақстанның көп бөлігінде тұрақты қар жамылғысы климаттық нормадан кеш қалыптасты. Қар жамылғысының орнауының айтарлықтай өзгерісі еліміздің орталығында, солтүстік-шығысында, шығысында, сондай-ақ батыс және солтүстік-батыс аймақтарында байқалды. Тек оңтүстік-шығыста, оңтүстік-батыста, шығыстың және орталықтың кейбір аймақтарында қар жамылғысы климаттық нормаға жақын қалыптасты. Қар жамылғысы Маңғыстау облысында және Атырау облысының бірнеше аймақтарында, сондай-ақ елдің ең оңтүстігінде, тау станцияларынан басқа аймақтарда орнаған жоқ.

3. Елдің көп бөлігінде тұрақты қар жамылғысының бұзылуы әдеттегіден ертерек басталды, бірақ соған қарамастан, оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс аймақтарындағы таулы аймақтарда, сондай-ақ Алматы облысы мен Абай облысының кейбір аудандарында климаттық мерзімдерден ұзаққа созылды.

4. Қазақстанның солтүстік аймақтарында қар жамылғысының толығымен кетуі әдеттегіден ерте болды. Елдің орталық аймақтарында қардың кетуі нормаға жақын және кешірек болды. Қазақстанның шығысында, таулы және тау етегіндегі аудандарда қар жамылғысының кетуі айтарлықтай ертерек болды.

5. Қазақстан бойынша орташа алғанда, қар жамылғысының ұзақтығы климаттық нормадан айтарлықтай аз болды. Елдің көп бөлігінде қар жамылғысының ұзақтығы бойынша теріс аномалиялар байқалды. Осы аймақтарда қар жамылғысының ұзақтығы бойынша теріс аномалиялар рекордтық деңгейге жетті.

6. Солтүстік, орталық, шығыс аймақтарда, сондай-ақ оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы таулы аймақтарда қар жамылғысының максималды биіктігі климаттық нормадан айтарлықтай жоғары болды және бақылау қатарында максималды мәндердің ондығына кірді. Батыс аймақта және орталық, шығыс, оңтүстік-шығыстың кейбір аудандарында қар жамылғысының биіктігі нормадан төмен болды.

7. Далалық қар өлшеу деректеріне сәйкес, қыс мезгіліндегі қардағы су қорының максималды мәні елдің солтүстігінде, солтүстік-шығысында және шығысында нормадан жоғары болды. Норма деңгейінен айтарлықтай арту Солтүстік Қазақстан, Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында байқалды. Осы аймақтардағы қар жамылғысының су қорының оң аномалиялары рекордтық деңгейге жетіп, рекордтық жылдардың ондығына кірді.

8. 1970–2024 жылдар аралығында облыстар бойынша орташа мәндер есептелгенде, қар жамылғысы бар күндер саны бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды сызықтық тренд коэффициенттері анықталмады.

9. 1970–2024 жылдар аралығында солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарда қар жамылғысының максималды биіктігінің сызықтық тренд коэффициенті артты. Максималды биіктіктің өсуі Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарының таулы аймақтарында байқалды.


10. Су қорының қардағы статистикалық маңызды ұлғаюы 5-деңгейінде Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында тіркелді. Оң сызықтық тренд коэффициенттерінің айтарлықтай артуы Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында байқалды. Су қорының қардағы статистикалық маңызды азаюы Қызылорда облысында тіркелді.

11. Су шаруашылық бассейндері бойынша орташа деректерге сәйкес, қардағы су қорының статистикалық маңызды ұлғаюы Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл және Тобыл-Торғай бассейндерінде анықталды. Оң сызықтық тренд коэффициенттерінің айтарлықтай артуы Ертіс бассейнінде тіркелді. Су қорының статистикалық маңызды теріс трендтері Арал-Сырдария бассейнінде байқалды.

### 3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ СУ АЙДЫНДАРЫ

#### *Каспий теңізінің су бетінің жай-күйіне шолу.*

Каспий теңізінің деңгейі, тұйық су айдыны ретінде, басқа теңіздердегі деңгейдің ауытқуынан айырмашылығы, айтарлықтай көпжылдық, жыл аралық және маусымдық ауытқуларға ұшырауында. Соңғы онжылдықта Каспий теңізінің фондық деңгейі тұрақты төмендеу үрдісіне ие. Осы кезеңде теңіздің су бетінің ауданы 30 мың км<sup>2</sup>-ге деін азайды, оның жартысы Солтүстік Каспийдің қазақстандық бөлігіне тиесілі (3.1-сурет).



*3.1-сурет 2005–2024 жж. кезеңіндегі Каспий теңізі деңгейінің жағдайы*

Каспий теңізі деңгейінің ауытқуы негізінен климаттың антропогендік өзгеруінің әсерінен өзгертін су балансының сипаттамаларының арақатынасына байланысты.

2024 жылы Каспий теңізінің солтүстік-шығысындағы таяз бөлігінде су деңгейі шамамен минус 28,95 метр шамасында ауытқып отырды, бұл көрсеткіштер минус 27,08 метр мен минус 29,59 метр аралығында болды. Каспий теңізінің Қазақстанға тиесілі терең су аймағында теңіз деңгейінің орташа мәні минус 29,29 метр белгісіне сәйкес келді, ал ең жоғары деңгейі минус 28,43 метрге дейін көтеріліп, ең төменгісі минус 29,86 метрге дейін төмендеген.

#### *Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы деңгейдің қауіпті желшегерме-желкөтерме тербелістері.*

Солтүстік Каспийдің Қазақстан жағалауында 2024 жылы желкөтерме құбылыстарымен 48 жағдай және желшегермемен 47 жағдай тіркелді.


2024 жылы ең қауіпті құбылыстар Пешной және Форт-Шевченко теңіз станцияларының аудандарында байқалды. Атап айтқанда:

- 9–10 қаңтарда Форт-Шевченкодa солтүстік-батыс бағыттағы желдің (ең жоғары жылдамдығы 12 м/с) әсерінен су деңгейінің 30 см-ге көтерілуі тіркелді;
- 22 қаңтарда Форт-Шевченкодa солтүстік бағыттағы желдің (ең жоғары жылдамдығы 10 м/с) әсерінен су деңгейі 31 см-ге төмендеді;
- 9–10 ақпанда Форт-Шевченкодa оңтүстік-шығыс бағыттағы желдің (ең жоғары жылдамдығы 7 м/с) әсерінен су деңгейі 30 см-ге көтерілді;
- 22 ақпанда Форт-Шевченкодa шығыс бағыттағы тұрақты жел әсерінен су деңгейі 31 см-ге төмендеді;
- 8–10 сәуір аралығында Пешнойда оңтүстік-батыс бағыттағы желдің (ең жоғары жылдамдығы 4 м/с) әсерінен су деңгейі 38 см-ге көтерілді;
- 16 мамырда Пешнойда батыс-солтүстік-батыс бағыттағы (8 м/с дейін) тұрақты желдің су бетіне әсерінен су деңгейі 30 см-ге төмендеді;
- 5–6 қарашада Форт-Шевченкодa солтүстік-батыс бағыттағы желдің (ең жоғары жылдамдығы 20 м/с) әсерінен су деңгейі 31 см-ге төмендеді;
- 18 желтоқсанда Форт-Шевченкодa батыс бағыттағы тұрақты желдің (10 м/с дейін) әсерінен су деңгейі 40 см-ге төмендеді.


### ***Каспий теңізіндегі мұз жағдайы.***

Қыс мезгілінде Солтүстік Каспий акваториясында мұз қабаты түзіледі, бұл оның тайыздығымен және қысқы температуралардың төмендігімен байланысты. Ал Орта Каспийде мұздық құбылыстар тек қана салқын немесе ерекше суық қыстарда ғана байқалады. 2023 жылғы 8 желтоқсанда алғашқы мұз құбылыстар тіркелді. 9 желтоқсанда бастапқы мұз түрлері пайда болды (3.2-сурет). 15 желтоқсанда бақылау пункттерінің деректері бойынша бастапқы мұз түрлері Форт-Шевченко маңында және Кендірлі шығанағында байқалды.

*8 желтоқсан 2023 ж.*



*11 желтоқсан 2023 ж.*




**3.2-сурет**– Каспий теңізі жағалауындағы алғашқы мұз құбылыстары  
(«EOSDIS Worldview NASA» жобасының суреті)

3–4 ақпан және 25–29 ақпан аралығында Пешной теңіз гидрометеорологиялық станциясы ауданындағы мұз қалыңдығының ең жоғары мәні – 23 см, ал Құрық станциясында – 15 см (16 желтоқсан).

2024 жылдың 13 наурызынан бастап Каспий теңізіндегі мұздың біртіндеп бұзылуы басталды (3.3-сурет).

14 наурыз 2024 ж.



**3.3-сурет** Солтүстік Каспийдегі мұз жамылғысының көктемгі бұзылуы  
(«EOSDIS Worldview NASA» жобасының суреті)

2024 жылдың 23 наурызында теңіз жағалауы толықтай мұздан тазарылды (3.4-сурет).

29 наурыз 2024 ж.



**3.4-сурет** Каспийдің мұздан толық тазарылуы  
(«EOSDIS Worldview NASA» жобасының суреті)

### ***Балқаш көлінің су бетінің жай-күйіне шолу.***

Балқаш көлі Қазақстанның екінші ірі су айдыны болып табылады. Ол теңіз деңгейінен 340 м биіктікте кең Балқаш-Алакөл ойпатында орналасқан. Балқаш көлі жер шарындағы ең ірі құрлықшілік су айдындарының бірі болып табылады. Ол екі бөліктен тұрады – Батыс және Шығыс Балқаш, Ұзын-Арал бұғазымен жалғасады. Бұл бөліктер судың тереңдігі, көлемі және минералдануы бойынша ерекшеленеді. Балқаш көлінің ауданы 342,5 м белгісінде 19224 км<sup>2</sup>, ұзындығы 605 км, ені шығыс бөлігінде 9–19 км және батысында 74 км құрайды. Көлдің ортасында орналасқан Сарыесік түбегі гидрографиялық оны екі түрлі бөлікке бөледі. Батыс бөлігі салыстырмалы түрде таяз және тұщы, ал шығыс бөлігі тереңірек және суы тұзды болып келеді. Ені 3,5 км түбектен құралған Ұзынарал бұғазы арқылы, батыс бөлігіндегі су шығыс бөлігін толықтырады. Бұғаздың тереңдігі шамамен 6 м құрайды.


Қазіргі уақытта РМК «Қазгидромет» 4 көл гидрологиялық бекетінде гидрологиялық мониторинг жүргізеді: Балқаш к.- Балқаш қ.; Балқаш к. – Сарышаған т.ж. ст.; Балқаш к. – Мыңарал т.ж. ст.; Балқаш к. – Қарақұм а. (Алғазы а. постының орнына ашылған). Бекеттер мәлеметін қолданып көлдің орташа су деңгейі есептеледі (3.5-сурет).



**3.5-сурет** Балқаш көліндегі көл гидрологиялық бекеттерінің орналасуы


Көл бассейнінің кең көлеміне және бөлшектенуіне, көлдің жекелеген бөліктерінің су балансының айырмашылығына және желдің әсеріне байланысты Балқаш көлінің су беті іс жүзінде ешқашан көлденең болмайтынын атап өткен жөн. Нәтижесінде жағалаудың жекелеген бөліктерінің су деңгейлеріндегі айырмашылықтар тек орташа тәулікте ғана емес, сонымен қатар, орташа айлық, орташа жылдық және тіпті орташа көпжылдық уақытта да көрінеді.

1938 жылдан 2024 жылға дейінгі жүйелі бақылау кезеңінде Балқаш көлінің орташа деңгейі БЖ бойынша 340,66 м-ден 342,99 м-ге дейін өзгерді (3.6-сурет).



**3.6-сурет** – 1938–2024 жылдар кезеңіндегі Балқаш көлінің орташа жылдық деңгейлері

2018 жылдан бастап су аз фазасы байқалды. 2022 жылы 2023 жылға қатысты деңгейдің төмендеуі 15 см құрады. 2024 жылы көл деңгейі тағы 12 см-ге төмендеп, 2024 жылы БЖ бойынша 341,57 м белгісіне жетті (3.7-сурет). Бұл соңғы 20 жылдағы ең төменгі деңгей.



**3.7-сурет** – Балқаш көліндегі «Қазгидромет» РМК бақылау пункттері бойынша 2023 және 2024 жылдарға арналған орташа жылдық деңгейлері

Деңгейдің өзгеруі көлдің морфометриялық сипаттамаларының өзгеруіне әкеледі. Ауданды есептеу А.П.Браславский мен С.П. Чистяева (Шиварева) ұсынған әдіс бойынша жүзеге асырылады. Осыған сәйкес, 2024 жылы Балқаш көлінің су айнасының ауданы 0,14 мың км<sup>2</sup> қысқарды. Көлдің ауданы мен сәйкесінше су көлемінің азаю үрдісі байқалады.

#### **Балқаш көлінің су балансы.**


Балқаш көлінің су балансының негізгі элементтері болып жер үсті ағыны және көлдің су бетінен булану табылады. Балқаш көліне 5 тұрақты ағын құяды: Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз. Іле Батыс Балқашқа, қалған салалары Шығыс Балқашқа құяды. Баланстың кіріс бөлігінде негізгі үлесі Іле өзені бойынша Батыс Балқашқа жер үсті суларының су кірісі жатады. Көлдің батыс бөлігіне құятын Іле өзені көлге құятын барлық су ағынының 75–80 % құрайды. Ол Балқаш-Алакөл бассейнінің негізгі су артериясы болып табылады, орталық Тянь-Шань мұздықтарынан бастау алатын екі Текес және Күнгес өзендерінің түйісуінен пайда болады. Өзеннің жалпы ұзындығы 1439 км құрайды, Қазақстан шегінде – 815 км. Іле өзені бассейнінің жалпы ауданы – 140 мың км<sup>2</sup>, Қазақстан Республикасының аумағында 7740 км<sup>2</sup> келеді. Бассейннің негізгі ағын бөлігі гидрологиялық желі ең дамыған ҚХР ШҰАР аумағында орналасқан. Көлге құятын кезде Іле өзені шамамен 8000 км<sup>2</sup> дельта ауданын құрайды. Дельта Іле табиғи реттеуші ролін атқарады, құрғақ жылдары жиналған судың бір бөлігін көлге береді.

3.1-кестеде 2024 жылға арналған Балқаш көлінің орташа су балансының жекелеген құрамдас бөліктерінің үлес салмағы көрсетілген.

### 3.1-кесте – Балқаш көлінің 2024 жылға арналған су балансы

| Су балансының<br>компоненттері            | Ай    |       |       |       |            |            |       |       |       |       |       |       | Жыл   |
|-------------------------------------------|-------|-------|-------|-------|------------|------------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
|                                           | 1     | 2     | 3     | 4     | 5          | 6          | 7     | 8     | 9     | 10    | 11    | 12    |       |
| Кіріс бөлігі                              |       |       |       |       |            |            |       |       |       |       |       |       |       |
| Іле ө. - Капшағай ГБ, м3/с                | 254   | 213   | 224   | 443   | 659        | 680        | 611   | 654   | 510   | 523   | 392   | 340   | 459   |
| млн м³                                    | 680   | 570   | 600   | 1187  | 1765       | 1821       | 1637  | 1752  | 1366  | 1401  | 1050  | 911   | 14739 |
| Шығыс бөлігіне қарай<br>құятын ағын, м³/с | 123   | 110   | 132   | 159   | 212        | 202        | 131   | 79    | 71    | 111   | 109   | 128   | 131   |
| млн. м³                                   | 330   | 265   | 353   | 411   | 567        | 524        | 351   | 213   | 185   | 299   | 281   | 343   | 4122  |
| Жауын-шашын, млн. м³                      | 778   | 587   | 938   | 356   | 739        | 252        | 903   | 343   | 288   | 854   | 671   | 703   | 7413  |
| Жер асты ағыны, млн м³                    | 0,5   | 0,4   | 0,4   | 0,8   | 1,2        | 1,2        | 1,1   | 1,2   | 0,9   | 1,0   | 0,7   | 0,6   | 10    |
| Сомасы, млн м³                            | 1789  | 1423  | 1891  | 1954  | 3072       | 2599       | 2892  | 2309  | 1840  | 2555  | 2003  | 1957  | 26284 |
| Шығындар бөлігі                           |       |       |       |       |            |            |       |       |       |       |       |       |       |
| Булану, млн м3                            | 25    | 69    | 209   | 774   | 1730       | 2496       | 2677  | 2819  | 2189  | 1222  | 776   | 186   | 15173 |
| Дельтадағы шығындар, млн<br>м3            | 197   | 165   | 174   | 344   | 511        | 527        | 474   | 507   | 395   | 406   | 304   | 264   | 4267  |
| Сомасы, млн м³                            | 222   | 234   | 382   | 1118  | 2241       | 3023       | 3151  | 3326  | 2585  | 1628  | 1080  | 450   | 19440 |
| Айдың басындағы көлем,<br>км³             | 96,43 | 96,60 | 96,77 | 97,30 | 98,69      | 100,1<br>1 | 99,58 | 99,58 | 98,17 | 96,08 | 95,56 | 96,60 | 96,43 |
| Айдың соңындағы көлем,<br>км3             | 96,60 | 96,77 | 97,30 | 98,69 | 100,1<br>1 | 99,58      | 99,58 | 98,17 | 96,08 | 95,56 | 96,60 | 97,12 | 97,12 |
| Көлемнің өзгеруі, млн м³                  | 170   | 170   | 530   | 1390  | 1420       | -530       | 0     | -1410 | -2090 | -520  | 1040  | 520   | 690   |

3.8-суретте 2024 жылға арналған Балқаш көлдің су балансының негізгі құрамдас бөліктерінің үлес салмағы көрсетілген.



**3.8-сурет** – Балқаш көлінің 2024 жылғы су балансының кіріс және шығыс бөлігіндегі негізгі элементтердің үлес салмағы

Балқаш көлінің 2024 жылғы жылдық су балансын талдай отырып, Балқаш көлі деңгейінің төмендеуі және нәтижесінде көл көлемінің төмендеуі туралы қорытынды жасауға болады.

#### **4. АГРОКЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР**

2024 жылғы агроклиматтық жағдайларды талдау «Қазгидромет» РМК бақылау желісінде 343 метеорологиялық станцияда жүргізілетін метеорологиялық бақылаулардың деректерін пайдалана отырып жүргізілді, оның ішінде 219 агрометеорологиялық станция, соның 90-ы бекет. Агроклиматтық жағдайлар Қазақстанның ауылшаруашылық аймағының аумағында ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің температуралық-ылғалды режимімен сипатталады. Агроклиматтық көрсеткіштердің ауытқулары 1991–2020 жылдары базалық климаттық кезеңдегі орташа көпжылдық мәнге қатынасы бойынша орташа айлық мәндер негізінде айқындалды, немесе климаттық норма.

##### ***Суық кезеңнің агроклиматтық жағдайлары***

**2023/2024 жж.** қысның желтоқсан айында тұрақсыз ауа-райымен сипатталды, әдеттен тыс жылы ауа-райы аязға жол берді, желтоқсан, қаңтар және ақпан айларында ауа температурасының ауытқуының мәні республиканың көп бөлігінде оң болды. Жалпы алғанда, ауа температурасының ауытқуы 0,2 °C шамасында болған Солтүстік Қазақстан облысын қоспағанда, қыс климаттық нормамен салыстырғанда 1,5–2,9 °C жылы болды. Күздік дақылдар егілетін аймақтарындағы қысқы кезеңдегі ауаның орташа температурасы минус 0...8 °C, көктемде плюс 9...14 °C, жазда 23...27 °C және күзде плюс 8...12 °C болды (4.1-кесте). Күздік бидайдың даму дәуірі кезеңі қайта басталған кезде ауаның орташа температурасы плюс 9...14 °C болды, жалпы алғанда 2023–2024 жылдары күздік дақылдардың қыстауы үшін қалыптасқан метеорологиялық жағдайлар қолайлы болды. Маршруттық зерттеу нәтижелері бойынша көктемде қыстап шыққаннан кейін Алматы облысында күздік дәнді дақылдар егістіктерінде егістіктің төмен жерлерінде төменгі жапырақтардың сулануына, егістіктердің еріген сулармен су басуына, облыстың Қарасай, Жамбыл аудандарында мол жауын-шашынға байланысты бір өсімдікте төменгі деңгей жапырақтарының 10–30 %-ға дейін шамалы зақымдануы байқалды, қалған егістердің жағдайы негізінен жақсы және өте жақсы болды.

Республиканың солтүстік, батыс, орталық және шығыс астық егетін аймақтарында қыста орташа ауа температурасы минус 8...15 °C, көктемде плюс 5...8 °C, жазда плюс 19...24 °C және күзде плюс 3...9 °C дейін көтерілді, өсімдіктің даму дәуірі кезеңде плюс 17...21 °C.

##### ***Ауыл шаруашылығы дақылдарының жылумен қамтамасыздығы***

Қазақстанның басым бөлігінде 2024 жылғы мамыр айында (өсімдіктің даму дәуірі кезеңнің басында) ауаның орташа температурасы нормадан төмен болды (4.2-кесте). Өсімдіктің даму дәуірі кезеңде астық егетін аудандарда ауаның орташа температурасы плюс 17...21 °C аралығында болды, оңтүстік облыстарда плюс 22...25 °C дейін жетті.

Көктемде елдің солтүстігі мен солтүстік-батысында ауа температурасының 5...10 °C арқылы өту кезеңдері негізінен сәуірдің бірінші, екінші онкүндігінде, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 10 °C арқылы мамырдың бірінші және үшінші онкүндіктерінің басында, орталықта және шығыста 5...10 °C арқылы өтті - сәуірдің бірінші және екінші онкүндігінде (Абай облысында наурыз айының соңында), батыста - наурыздың үшінші онкүндігінде және сәуірдің бірінші онкүндігінде. Оңтүстікте және оңтүстік-шығыста 5 °C-тан кейін өсімдіктің даму дәуірі кезеңнің қайта басталу күндері наурыздың екінші және үшінші онкүндігінде және 10 °C-тан кейін наурыздың екінші онкүндігінен сәуірдің екінші онкүндігіне

дейін жалғасты. Республиканың оңтүстік жартысында температураның 5 °С арқылы өту күндері Алматы облысындағы орташа көпжылдық мәндерден 1 онкүндікке, Алматы, Жамбыл облыстарында 10 °С арқылы 12–13 күннен артық, Түркістан облысында 17 күннен артық байқалды.

Қазақстанның барлық аумағында температуралық фонның біртіндеп жоғарылауы наурыз айынан бастап байқалды, онда республиканың басым бөлігіндегі ауаның орташа температурасы нормадан жоғары және оған жақын болды, ауытқудың теріс мәні тек Батыс Қазақстан облысында байқалды. Сәуір айы жылы болды, елдің көп бөлігіндегі орташа айлық ауа температурасы әдеттегіден 1...6 °С жылы болды, Жетісу облысын қоспағанда, орташа ауа температурасы нормаға жақын болды. Мамыр айында аномалия мәндері теріс болды минус 1...3 °С батыста, солтүстікте және оңтүстікте (Қызылорда облысы), қалған аумақта қалыптыға жақын және одан да жоғары.

#### 4.1-Кесте –Ауыл шаруашылық жылының температуралық режимі (2023–2024 жж.)

| №  | Облыс атауы         | Орташа ауа температурасы °С |        |     |     |                        | Көктемдегі орташа ауа температураның ауысу күні |            | Күздегі орташа ауа температураның ауысу күні |            |
|----|---------------------|-----------------------------|--------|-----|-----|------------------------|-------------------------------------------------|------------|----------------------------------------------|------------|
|    |                     | Қыс                         | Көктем | Жаз | Күз | Өсімдіктің даму дәуірі |                                                 |            |                                              |            |
|    |                     |                             |        |     |     |                        | 5°С                                             | 10°С       | 10°С                                         | 5°С        |
| 1  | Абай                | -12                         | 7      | 22  | 5   | 21                     | 31.03.2024                                      | 16.04.2024 | 12.10.2024                                   | 06.11.2024 |
| 2  | Ақмола              | -14                         | 4      | 19  | 3   | 17                     | 13.04.2024                                      | 28.05.2024 | 19.09.204                                    | 11.10.2024 |
| 3  | Ақтөбе              | -10                         | 8      | 23  | 7   | 20                     | 01.04.2024                                      | 06.04.2024 | 11.10.2024                                   | 29.10.2024 |
| 4  | Алматы              | -5                          | 10     | 23  | 9   | 22                     | 22.03.2024                                      | 12.04.2024 | 08.10.2024                                   | 11.11.2024 |
| 5  | Шығыс Қазақстан     | -14                         | 6      | 21  | 5   | 20                     | 04.04.2024                                      | 19.04.2024 | 06.10.2024                                   | 17.10.2024 |
| 6  | Жамбыл              | -3                          | 12     | 26  | 11  | 24                     | 24.03.2024                                      | 31.03.2024 | 15.10.2024                                   | 07.11.2024 |
| 7  | Жетісу              | -7                          | 10     | 24  | 8   | 22                     | 05.04.2024                                      | 11.04.2024 | 08.10.2024                                   | 09.11.2024 |
| 8  | Батыс Қазақстан     | -8                          | 9      | 24  | 9   | 21                     | 31.03.2024                                      | 04.04.2024 | 11.10.2024                                   | 31.10.2024 |
| 9  | Қарағанды           | -12                         | 6      | 21  | 5   | 19                     | 02.04.2024                                      | 15.04.2024 | 12.10.2024                                   | 11.11.2024 |
| 10 | Қостанай            | -14                         | 5      | 20  | 4   | 18                     | 07.04.2024                                      | 16.04.2024 | 31.09.2024                                   | 11.10.2024 |
| 11 | Павлодар            | -14                         | 5      | 21  | 4   | 19                     | 06.04.2024                                      | 06.05.2024 | 11.10.2024                                   | 23.10.2024 |
| 12 | Солтүстік Қазақстан | -15                         | 4      | 19  | 3   | 17                     | 15.04.2024                                      | 31.05.2024 | 01.10.2024                                   | 10.10.2024 |
| 13 | Түркістан           | 0                           | 14     | 27  | 12  | 25                     | 12.03.2024                                      | 19.03.2024 | 21.10.2024                                   | 27.11.2024 |

\* Жаздық дақылдар үшін вегетациялық кезең мамырдан тамызға дейін, күздік дақылдар үшін сәуірден шілдеге дейін жалғасады

Жазда солтүстіктегі орташа айлық ауа температурасы плюс 19...21 °С болды, батыста, солтүстік-батыста плюс 23...24 °С, шығыста және орталықта плюс 21...22 °С, оңтүстік-шығыста плюс 23...26 °С және оңтүстікте плюс 27 °С. Маусым айында Қазақстанның барлық аумағында ауа температурасы көтерілді, айдың ортасында және соңында ауа температурасының жоғары мәндері байқалды, барлық жерде орташа айлық ауа температурасы климаттық нормадан жоғары болды. Шілдеде республиканың көп бөлігіндегі орташа айлық ауа температурасы нормаға жақын, шығыста, оңтүстік-батыста, оңтүстік-шығыста (Алматы облысы) және ішінара солтүстікте (Павлодар облысы) нормадан жоғары 1...2 °С, тек Ұлытау облысында нормадан 1 °С төмен байқалды. Тамыз айында ауа температурасының теріс ауытқулары Ақмола және Қостанай облыстарында нормадан жоғары 3...4 °С байқалды, республиканың оңтүстік-шығыс бөлігінде, шығысында (Абай облысы), елдің қалған аумағында шамамен көпжылдық мәндер 0...0.9 °С.

